

Арқалық қаласының құрылғанына – 62 жыл толды

1956 жыл, қазан айының 24-ші жұлдызы. Қаламыздың негізі қаланған күн болып саналады. Тарихы жапандағы Қызылқозыдан басталған, елсіз иен даладан қала тұрғызу сан мыңдаған адамның еткен еңбегі мен төккен терінің арқасында мүмкін болған еді. Содан бері аттай зымырап, алпыс екі жыл өтті. «Елу жылда ел, жүз жылда қазан жаңа» деген осы да. Қаламыз осы уақытта өрлеу кезеңін бастан өткізіп, заманның кермек дәмін де «татып» көрді.

Иә, Арқалықтың пайда болуына жеріміздің пайдалы қазбасы себеп болды. Осы жерден боксит пен алюминий тотығы кеніші табылды. Бұл жолда Кеңес үкіметінің ірі геолог ғалымы болған, Алексей ВОЛКОВ бастаған мамандардың еңбегі ерен болғанын ұмытпау керек. 1948 жылы аталған кен орнының мол қоры өнеркәсіптік түрде игеруге жарамды екендігі дәлелденіп, жұмыс қарқын алған еді. Эксповаторшы Михаил ДЕМЧЕНКО руданы алғашқы рет жер бетіне шығарған шөміш пен боксит кенінің шойтасы тарихи жәдігер ретінде қаламыздағы Дала өлкесі тарихи мұражайының алаңынан орын алды. Тың игеру жылдарында үлкен еңбегімен танылған Оралшы ҚОЗЫБАЕВТЫҢ да есімі қаламыздың аяқтан тұрып кетуімен тығыз байланысты. Жоғарыда аталған үш азаматтың да құрметіне қаламыздан бір – бір көше беріліп, есімдері ел жадында мәңгі сақталды. Бұл ретте осы кісілермен қатар еңбек етіп, кен көзінің игерілуіне өлшеусіз үлес қосқан басқа да



Арқалық тұйықтағы қаладан, транзиттік шаһарға айналды. «Агроинтеркүс», «Нұр – Жайлау НС» ЖШС –гі сынды ірі инвестициялық жобалар жұмысын жалғастыруда. Көп ұзамай жылына бір мың тоннаға дейін ет өнімдерін дайындауға қауқарлы « Торғай ет» ЖШС аталатын ет өндіруші кешеніске қосылады деп күтілуде. Ет бағытындағы күс өсіретін жаңа құс фабрикасы да өз жұмысын бастамақ. Көптеген нысандар бой көтеріп, қаламыз ажарлана түскен. Бұл істе қаламызда көп жылдан бері жұмыс жасап келе жатқан «Алюминқұрылыс» ЖШС –нің орыны ерешше. Алдан күтетін үміт көп. Мұнда балаларының болашағын Арқалықпен байланыстыратын еңбекқор, туған жеріне жанашыр азаматтар тұрып жатыр. Кәсіпкерлікпен айналысам дегендерге де үкіметтен көптеген жеңілдіктер қарастырылған. Болашақта осындай игілікті шаралар жүзеге асып, Арқалық алдағы уақытта халқының әлеуеті жоғары, экономикасы қуатты қалалар қатарына қосылады деген сенім бар.

азаматтарымызды айта кеткен абзал. Бокситтің өндірілуіне еңбегін сіңірген КӘРМЕНОВ, ВОЛКОВ, Н. БЕГӘДІЛОВ, Б. БЕЙСЕНОВ сынды азаматтар болды. Николай ЭШТАРҰЛЫНЫҢ көзі тірі. Сол кісі, Мәскеуге барып, Арқалықтың бокситінің қоры мол екенін, сапасы жоғары екенін табандылықпен дәлелдеп, оны өндіруге жол ашқан адамдардың бірі. Мен сол уақытта 18 жасымнан бокситті зерттеген экспедицияның бастығы, КӘРМЕНОВТЫҢ жүргізушісі болдым. Сол кезде айтып отыратын. Арқалықтың бокситі қаладан 50 шақырым қашықтықта жатқан қазіргі Жалғызтал ауылына дейін жалғасып жатыр деп. Оның

қоры 125 жылға дейін жетеді дейтін. Кен өндірісі 1961 жылы басталғанын ескерсек, оны әлі көп жыл өндіруге болады деп ойлаймын, – деп ой бөлісті қаламыздың байырғы тұрғыны Қайырден ЖИЕНБАЕВ ағамыз. Кейіннен бүкілодақтық екпінді комсомол құрылысы жарияланып, барлық ССРО –нан мұнда жастар ағылып келе бастаған еді. Сөйтіп, жас келсе іске деп, құрылыс қарқын алып, аз уақытта қала да бой көтеріп қалғанына тарих куә. Әрі қарай, 1965 жылы Арқалық қала мәртебесін алды. Осылайша жерімізден пайдалы қазбаны игеріп отырған қалақұрушы кәсіпорын саналатын «Қазақстан Алюмини»

АҚ қарасты ТБКБ бүгінгі күнге дейін жұмыс жасап келеді. Павлодар алюминий зауытына – боксит, Ресейге – отқа төзімді сазбалшық шикізаттарын жеткізіп отыр. Бүгінгі күнге дейін мұнда 80 млн тоннадан астам боксит өндірілсе, соның 16 миллионнан астамы – алюминий шикізаты. 62 жылды артқа тастаған Арқалықта көп нәрсе өзгерді. Заманның ауыр кезеңін де бастан өткеріп, халқының басым бөлігі сырт жаққа үдере көшті. Кейіннен ол күндер тарих қойнауында қалды. Қазіргі уақытта қаламыз мүлдем басқа кейіпте. Түрлі ауқымды жұмыстар жүзеге асты. Жаңа бағытта теміржол желісі тартылып,

Дархан АМАНТАЙҰЛЫ